Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6D030100 – Құқықтану мамандығы докторанты Нартай Ажар Нартайқызының философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Битемиров Қайрат Тұрлыбайұлының

Пікір

Қазіргі таңда адам геномына қатысты туындайтын биоэтикалық, құқықтық және ақпараттық мәселелер әлемдік құқықтық кеңістіктегі аса маңызды бағыттардың біріне айналуда. Генетикалық зерттеулердің нәтижесінде алынатын деректер – тек биологиялық емес, сонымен қатар құқықтық реттеуді қажет ететін стратегиялық маңызы бар ақпараттар. Осы ретте, Нартай Ажар Нартайқызының зерттеу тақырыбы – «Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» – өзінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді.

Ізденушінің тақырыпты таңдауы ғылыми тұрғыдан негізделген, заманауи технологиялармен бірге қарқынды дамып келе жатқан геномдық ақпаратты құқықтық қорғау мәселесін тереңнен талдауға бағытталған. Диссертациялық жұмыста генетикалық деректерді құқықтық қорғау, олардың ақпараттық қауіпсіздігі, дербес деректермен байланысы және адам құқықтарын қорғау аясында жан-жақты сараптама жасалған. Сонымен қатар, зерттеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, оңтайлы ұлттық құқықтық үлгі әзірлеуге тырысады.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы геномды құқықтық реттеу нысаны ретінде қарастыру арқылы ұлттық құқықтық ғылымға жаңа түсінік пен мазмұн енгізуінде. Ізденуші осы бағыттағы шетелдік тәжірибелерді (Германия, Франция, Ұлыбритания, АҚШ, БАӘ, Иран, Қытай және Түркия) салыстыра отырып, Қазақстанның құқықтық жүйесіне бейімдеуге болатын құқықтық тетіктерді нақты ұсынған.

Зерттеудің әдіснамалық негізі де кең ауқымды: диалектикалық, салыстырмалы-құқықтық, құрылымдық-функционалдық, герменев-тикалық және жүйелі-құқықтық талдау әдістері бір-бірімен үйлестіріле отырып пайдаланылған. Мұндай ғылыми әдіснама жұмыстың нәтижелерін сенімді және ғылыми негізделген етіп көрсете алды.

Ізденуші диссертацияны орындау барысында жоғары ғылыми мәдениет пен жауапкершілік танытты. Зерттеу процесінде ол ғылыми дербестік танытып, зерттеу нысанына терең бойлай білді, заманауи ғылыми базаларды, халықаралық актілер мен биоэтикалық нормаларды кеңінен қолданды. Академиялық талаптарға сай келетін тілдік стиль мен зерттеу мәдениеті де айқын көрініс тапқан.

Н.А.Нартайқызы ұсынған нәтижелер тек теориялық қана емес, сонымен бірге құқық қолдану тәжірибесінде де маңызды рөл атқара алады. Оның ішінде: генетикалық дискриминацияның алдын алу, генетикалық тестілеу жүргізудегі құқықтық келісімнің регламенттері, генетикалық деректерді сақтау мен беру ережелері, биобанк қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу – барлығы дерлік Қазақстан Республикасының құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған.

Аталған диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңызы жоғары. Ізденуші геномдық құқық саласындағы зерттеулердің отандық базасын қалыптастыруда алғашқы қадам жасап отыр деп толық сеніммен айтуға болады.

Осыны есепке ала отырып, Нартай Ажар Нартайқызының «Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады деп санаймын.

Заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Битемиров Қайрат Тұрлыбайұлы

(қолы)